

**ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ 2-ТОҚСАН №2**  
**«Менің туған өлкем» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.**

<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	Оқылым
<b>Оқу мақсаты</b>	Жазылым
	2.2.2.1 Мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу
	2.3.2.1* Мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>• Мәтін бойынша қарапайым және нақтылау сұрақтарын қояды</li><li>• Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді</li><li>• Дайын ұйқастар бойынша өлең шумағын құрастырады</li></ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану
<b>Орындау уақыты</b>	20 минут

**Тапсырма**

**1. Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.**

Алматының әсемдігіне сөз жетпейді. Қала Алатаудың баурайында орналасқан. Қаланың орталығында Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері бар. Көшелері оқтай тұзу. Зәулім үйлер, театрлар мен жоғарғы оқу орындары көп. Алматы – ғылым мен мәдениеттің орталығы. Халқымыздың мақтанышы болып саналатын «Медеу» мұз айдыны да Алматыда. Алматыда дүниежүзіне әйгілі апорт алмасы өседі.

1) Сұрақтардың жауабын мәтіннен тауып, қоршап сыз.

- Алматы қаласы қайда орналасқан?
- Қалада қандай өзендер бар?

2) Сұрақтың жауабын белгілеп көрсет:

Иә (✓)

Жоқ (×)

Дүниежүзіне әйгілі апорт алмасы Алматыда өсе ме?

3) Мәтін бойынша «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретіндей 1 сұрақ құрастырып жаз.

**2. Берілген тірек сөздердің тиістісін пайдаланып, өлеңді толықтырып жаз.**

Әйнегі- күн, шатыры – \_\_\_\_\_,

Кең \_\_\_\_\_, төсі толқыған егін.

Көлдері көкке күмістер шашқан,

\_\_\_\_\_ - Республикам менің!

**Тірек сөздер:** Астана, Қазақстан, аспан, шаңырақ, дала, қала.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
<p>Мәтін бойынша қарапайым және нақтылау сұрақтарын қояды.</p> <p>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.</p>	1	<p>мәтіннен сұрақтардың жауабын анықтайды:</p> <p>бірінші сұрақ;</p> <p>екінші сұрақ;</p>	<p>1</p> <p>1</p>
		<p>нақтылау сұрағының жауабын анықтайды;</p>	1
		<p>мәтін бойынша нақтылау сұрағын құрастырады;</p>	1
<p>Дайын ұйқастар бойынша өлең шумағын құрастырады</p>	2	<p>өлең жолдарының мазмұнына сәйкес ұйқастарды анықтап жазады:</p> <p>- бірінші;</p> <p>- екінші;</p> <p>- үшінші.</p>	<p>1</p> <p>1</p> <p>1</p>
<b>Барлығы</b>			<b>7</b>

**«Менің туған өлкем » ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты  
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні:** \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтін бойынша қарапайым және нақтылау сұрақтарын қояды. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қоюда және жауап беруде қиналады  <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қоюда / сұрақтарға жауап беруде қателіктер жібереді  <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарды дұрыс қояды және жауап береді  <input type="checkbox"/>
Дайын ұйқастар бойынша өлең шумағын құрастырады	2	Берілген өлең жолдарының мазмұнына сәйкес ұйқастарды анықтауда қиналады.  <input type="checkbox"/>	Берілген өлең жолдарының мазмұнына сәйкес ұйқастарды анықтауда қателіктер жібереді.  <input type="checkbox"/>	Берілген өлең жолдарының мазмұнына сәйкес ұйқастарды тауып жазады.  <input type="checkbox"/>